



Ақмешіт

8 сәуір
сенбі

№28 (1935)

2023 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



КӨКТЕМ ҚАРБАЛАСЫ: Жанар-жағармай жыры, алаңдаулы диқан

Жанар-жағармай бағасы көктемнің басты мәселесіне айналғаны қашан? Жер бусанып, диқан егін егуге кірісер сәтте жанар-жағармай мәселесі жыл сайын қылтып шыға келетіні әдетке айналды. Бұл мәселе биылғы көктемді де айналып өтпеді. Өткен аптада оңтүстік өңірлерде шаруалардың жанар-жағармай таппай жатқаны туралы ақпарат тарайды. Мұнан соң сұйық отынның бағасы жайында айтыла бастағаны шындық. Егін егу қамына кіріскен шаруалар «жанар-жағармай бағасы биыл қалай болар екен?» деп алаңдап қалды.

Көп көкейіндегі түйткілді сауалға 4 сәуір күні Үкімет үйінде өткен отырыста нүкте қойылды десек те болады. Үкімет басшысы Әлихан Смайылов жанар-жағармай бағасына өзгеріс қажет екенін, әйтпесе шаруаға қажет кезде тапшылық болу қаупі барын да жасырмады. Премьер-министрдің айтуынша, жанар-жағармай бағасының арзан болуының кері әсері де бар екен.

– Елімізде жанар-жағармай өндіру жыл сайын өсіп келеді. Сонымен қатар тұтыну көлемі де арта түсуде.

Бірақ ол ішкі тұтыну көлемінің өсуіне байланысты болып отырған жоқ. Бағасы айтарлықтай арзан болғандықтан, біздің отынды көрші елдерге тасып әкету үрдісі белең алды, – деді Үкімет басшысы.

Жанар-жағармай бағасы жағынан өзге елдермен салыстырғанда бізде ғана арзан екен. Сандарды сөйлестік, жанармай бағасы Ресейде 45%-ға, Қырғызстанда 64%-ға, Өзбекстанда 100%-дан жоғары. Демек, біздегі арзан бағадағы жанармайға сырттағылардың сұранысы артууда.

Нәтижесінде біз де жанармай тапшылығына, әсіресе егін егу кезінде дизель отынымен қамтамасыз етуде елеулі қиындықтар туындауының себебі осы.

– Бензин мен дизель отынының бағасын одан әрі ұстап тұру елдің энергетикалық қауіпсіздігіне теріс әсер етуі мүмкін. Біз Қазақстан мен көршілес елдер арасындағы баға айырмасын төмендетуге мәжбүрміз. Бізде бұдан басқа жол жоқ. Әйтпесе бір айдан кейін жанармай тапшылығына тап боламыз, – деді Премьер-министр.

3 БЕТТЕ

Тазалық мекемесіне – жаңа техника

Көктем – жаңару мен жаңғырудың, түрлену мен түлеудің ғана емес, тазалықтың да айы. Бұл мезгілде үлкен-кіші айналаны тазартып, күл-коқыстан арылтады. Осы ретте тазалық сақтау ішкі мәдениетіміздің айқын белгісі екенін ескерсек, санитарлық тазалықты өзімізден бастау керектігін ұғамыз.

Қарап отырсаңыз, қазіргі кезде Қызылорда таза қалаға айналды. Қаланың ажары тікелей тазалығына да байланысты. Сондықтан бұл мәселе күн тәртібінен түскен емес. Тазалыққа тікелей жауап беретін «Қызылорда тазалығы» ЖШС мекемесіне артылған жауапкершілік жүгі жеңіл емес. Десе де, күн-түн демей, тынымсыз жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбегі орасан. Олар ел ұйқыда жатқанда жұмысқа кірісіп, кешке дейін үздіксіз қызмет етеді.

Соңғы уақытта аталған мекеме облыс әкімі Н.Нәлібаевтың қолдауын сезініп

келеді. Атап айтсақ, «Қызылорда тазалығы» ЖШС 20 дана арнайы техника алуға облыстық бюджеттен 742,8 млн теңге бөлініп, бүгін оның алғашқы легі келе бастады.

Осыған орай, шаһар басшысы Асылбек Шәменов тұтас бір қаланың тазалығына жауапты мекеменің материалдық-техникалық базасын толықтыру мақсатында жаңадан алынған екі дана фронталды тиегіші бар «MT3-82» тракторы мен «WECAN 800» маркалы екі шағын тиегіш техникаларын табыстау рәсіміне қатысты.

– Қажеттілікті қамтамасыз ету жолында үздіксіз жұмыстар жасалу керек. Осы күнге дейін алынған техникалардың белгілі деңгейде ескіруіне байланысты, заман ағымынан қалмай мәселенің себебімен емес салдарымен күресу мақсатында облыс әкімінің тікелей қолдауымен жүйелі жұмыстардың нәтижесі сезілуде. Алдағы уақытта тұрғындарға сапалы қызметті арттыру бағытында арнайы техникалар рет-ретімен алынады, – деді қала басшысы.

Сондай-ақ шаһар басшысы ел игілігі үшін жасалған бұл істің баянды болуы ендігі жерде жұмысшылардың мемлекет мүлкіне деген жанашырлығы мен жауапкершілігіне тікелей байланысты екенін тілге тиек етті. Қала тазалығына жауапкершілікпен қарап жүрген еңбеккерлердің жұмысына сәттілік тіледі.

Қазіргі кезде 500-ден аса көшенің тазалығын қамтып отырған «Қызылорда тазалығы» ЖШС-нің теңгерімінде 125 дана техника болса, оның 91-і санитарлық тазалық жұмыстарына жұмылдырылған.

Айта кету керек, өткен жылдың соңында аймақ басшысының қолдауымен облыстық бюджеттен бөлінген 525,6 млн теңгеге 11 арнайы техника алынған еді.

Аталған мекеме басшысы Бауыржан Әбдіғәппарұлы да қала тұрғындарын барынша тазалық сақтауға шақырды. Расында, сырттан келген сыншының көзі сүйсініп, өзіміз үшін мақтаныш сезімі ұялайтын қала тазалығы – бар-шамызға ортақ. Тазалық мекемесінің қызметкерлері де осыны көпшілік түсіне екен дейді.

А.ОЛЖАБАЙ



Жаңадан жасақталған Үкіметте орныны сақтап қалған министрлер жеткілікті. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен жаңа Үкімет мүшелері тағайындалды. Сонымен, кімге қай орын бұйырды?

ҮКІМЕТТЕГІ АУЫС-ТҮЙІС: Кімге қай орын бұйырды?



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен Парламент Мәжілісінің пленарлық отырысында Әлихан Смайылов Үкімет басшысы болып қайта тағайындалды. Ол бытырдан бері Үкімет басшысы лауазымын атқарып келеді.

Сондай-ақ Премьер-министрдің бірінші орынбасары болып Роман Скляр қайта тағайындалды. Ол бұл қызметке өткен жылы орналасты. Ал Премьер-министрдің орынбасары – қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев Президент жарлығымен төртінші рет қаржы министрі болды. Сонымен қатар Премьер-министрдің орынбасары – сауда және интеграция министрі Серік Жұманғалин де қызметінде қалды. Ол өткен жылы 2 қыркүйекте Президент Жарлығымен Премьер-министрдің орынбасары – сауда және интеграция министрі болып тағайындалды. Алтай Көлгінов те Премьер-министр орынбасары қызметінде қалды.

Сондай-ақ Премьер-министрдің орынбасары – Үкімет аппараты басшысы болып Ғалымжан Қойшыбаев қайта тағайындалды. Ал Руслан Жақсылыков Президент Жарлығымен Қорғаныс министрі лауазымына қайта тағайындалды. Министрлікте орнын сақтап қалғандардың бірі – Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов. Ол бұл лауазымға өткен жылғы 25 ақпанда тағайындалған еді.

Сонымен қатар Зүлфия Сүлейменова Президент Жарлығымен экология және табиғи ресурстар министрі болып қайта тағайындалды. Бұл қызметке ол жыл басында ғана келді. Ал бытыр 2 қыркүйекте Президент жарлығымен ақпарат және қоғамдық даму министрі болып тағайындалған Дархан Қыдырәлі лауазымын сақтап қалды.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі болған Бағдат Мусин де өз қызметінде қалды. Әлібек Қуантыров Президент Жарлығымен ұлттық экономика министрі лауазымына қайта тағайындалды. Өткен жылдан бастап денсаулық сақтау министрі қызметін ақарып келе жатқан Ажар Гиният бұл лауазымға қайта тағайындалды.

Сондай-ақ төтенше жағдайлар министрі қызметін ақарып келе жатқан Юрий Ильин қызметінде қалды. Одан бөлек оқу-ағарту министрі болып Ғани Бейсембаев қайта тағайындалды. 2023 жылғы 4 қаңтарда Президент Жарлығымен мәдениет және спорт министрі болып тағайындалған Асхат Оралов та лауазымын сақтап қалды. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі болып тағайындалған Марат Қарабаев Президент Жарлығымен қызметін әрі қарай жалғастырады.

Айта кету керек, Тамара Дүйсенова төртінші рет еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі болып тағайындалды. Ал ғылым және жоғары білім министрі қызметіне Саясат Нұрбек қайта тағайындалды. Биыл 4 қаңтарда әділет министрі болып тағайындалған Азамат Ескараев өз қызметінде қалды. Сонымен қатар Президент Жарлығымен ауыл шаруашылығы министрі болып Ербол Қарашөкеев қайта тағайындалды.

Сондай-ақ Үкімет құрамында жаңа министрлер есімі аталды.

Сыртқы істер министрі болып Мұрат Нұртілеу тағайындалды. 2019 жылғы 18 қыркүйектен бастап сыртқы істер министрі қызметін атқарған Мұхтар Тілеуберді қызметінен босатылды. Мұрат Нұртілеу президент әкімшілігі басшысы лауазымынан босатылып, Премьер-министрдің орынбасары – сыртқы істер министрі болып тағайындалды.

Ал Президент Жарлығымен Алмасадан Сәтқалиев энергетика министрі лауазымына келді. Әр жылдары «ҚазТрансОйл», КЕГОС, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» компанияларда басшылық қызметтерді атқарған. Соңғы қызметі – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарма төрағасы.

Дайындаған:
Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

КӨКТЕМ ҚАРБАЛАСЫ:

жанар-жағармай жыры,

алаңдаулы диқан



Ішкі нарықты жанар-жағармаймен толық қамтамасыз ету үшін Үкімет нақты шешім қабылдады. Алайда бұл шешімді қабылдау да оңай болмағандай ұқсайды. Себебі жанар-жағармай бағасының қымбаттауы елге жақпайтыны сөзсіз. Амаң жоқ, Үкімет жанармай бағасын көтеру туралы шешім қабылдады. Бұл туралы Премьер-министр БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында айтты.

– Бұл оңай шешім емес, бірақ оны қабылдауға мәжбүрміз. Егер қазір мұндай шешімді қабылдасамыз, онда жақын арада жанармай тапшылығына тап боламыз, – деді Әліхан Смайылов.

Премьер-министрдің айтуынша, Қазақстанда дизель мен бензиннің тұтыну деңгейі өте жоғары. Жылына 1 адамға дизель отыны 370 литрден келеді. Мысалы, Ресейде – 225 литр, Қырғызстанда – 98 литр, Өзбекстанда – 44 литр. Тұтыну деңгейі жоғары қарқынмен өсіп келеді.

– Мұндай жағдай жанар-жағармайдың көрші елдерге транзиттік көліктермен және «сұр» экспорт түрінде шығарылуының артуына байланысты. Ал экономиканың негізгі салаларында нақты тұтыну көлемі айтарлықтай өзгерген жоқ, – деді Премьер-министр.

Үкімет басшысының айтуынша, мемлекет жанармай өндірісін ұлғайту үшін барлық шараны қабылдауда. Мысалы, өткен жылы дизель отынын өндіру 5,2 млн тоннаны құрап, рекордтық деңгейге жеткен. Жалпы соңғы 5 жылда бензин өндірісі 70%-ға, дизель өндірісі 33%-ға өсті.

– Отандық мұнай өңдеу зауыттары өз мүмкіндіктерінің ең жоғары шегінде жұмыс істеуде. Алайда жанармай тапшылығының қаупі азаяр емес. Сыртқа әкету мен тапшылықтың негізгі себебі – Қазақстандағы жанар-жағармай бағасының төмендігі болып отыр. Мысалы, Ресейде дизель отыны 45%-ға, Қырғызстанда 64%-ға, Өзбекстанда 2 есе қымбат. Нәтижесінде арзан отын әртүрлі жолмен көрші елдерге әкелініп жатыр», – деді Үкімет басшысы.

Айта кетелік, наурыз айының өзінде жанар-жағармай материалдарын тұтыну көлемі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 15%-ға өскен. Мамандар елде баға айырмашылығын қысқартпаса, онда биыл 850 мың тоннаға дейін көлемде жанармай тапшылығына тап болады деген болжам жасалады.

– Біздің арзан отын өзіміздің ұлттық мүдделерімізге емес, көрші елдердің экономикасына жұмыс істеп отыр. Сондықтан жанар-жағармай нары-

ғындағы жағдайды тұрақтандыру үшін баға айырмашылығын төмендету керек. Бұл елден мұнай өнімдерінің жаппай шығарылуын азайтуға және ішкі нарықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бізде бұдан басқа жол жоқ», – деді Премьер-министр.

Өз өніміміздің сыртқа кетуіне бір тоқтам болуы тиіс. Үкімет басшысы бұл орайда арнайы шара қабылданатынын жеткізді. Премьер-Министр қазақстандық отынды көрші елдерге заңсыз шығаруға әлемдік нарықтағы ахуал ықпал етіп отырғанын атап өтті.

– Көрші елдерде дизель мен бензиннің бағасы айтарлықтай жоғары. Ашық экономика жағдайында тауарлар бағасы қымбатырақ елге қарай өтеді. Әрине, біз шекараны жаба аламыз. Негізінде бізде жанар-жағармай материалдарын теміржол және автомобиль көлігімен шығаруға тыйым салынған. Сондай-ақ бұл бағаны тежеуге айтарлықтай әсер етіп отыр. Егер мұндай тыйым болмаса, онда жанар-жағармай материалдарының шығарылуы бүгінгіден әлдеқайда көп болар еді. Бірақ кез келген тыйым салу шаралары уақытша ғана әсер етеді, ұзақ мерзімді перспективада олар тиімсіз, – деді Әліхан Смайылов.

Енді шекарада жанармайды заңсыз шығару әрекеттерінің жолын кесу жұмыстары тұрақты жүргізілетінін айтты.

– Машинаға қосымша жанармай бақтары орнатылып, адамдар жанармайды тіпті канистрлерге құйып шығарып жатады. Әрине, бәріне айыппұл салып, жауапқа тартуға болады. Біз мұндай қадамдарды қолға алып, жауапкершілікті күшейтуге бағытталған заңнамаға өзгерістер енгіземіз. Сонымен қатар заңсыздыққа жол ашатын экономикалық қызығушылықтарды төмендетуіміз керек, яғни баға алшақтығын қысқарту керек, – деді Премьер-Министр.

Диқандар жанар-жағармай бағасына алаңдамаса да болады. Биыл дизель отынының бағасы тұрақты әрі жеткілікті болады. Бүгінде өңірлерге 413 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінген, бұл өткен жылмен салыстырғанда 13 мың тоннаға артық. Көктемгі дала жұмыстарына бөкітілген көлем басымдық тәртібімен жөнелтіледі.

– Көктемгі егіс жұмыстары аяқталғанға дейін фермерлер үшін дизель отынының бағасы өзгермейтінін мәлімдеймін. Операторлардың шығыстарын ескере отырып, республика бойынша орташа құны литріне 204 теңгені құрайды. Бұл ішкі нарықтағы қазіргі

бағадан 15-20%-ға төмен, – деді Үкімет басшысы

Сонымен қатар Үкімет өңірлердің әкімдіктерімен бірлесіп арзандатылған отынды ауыл шаруашылығы өндірушілеріне жеткізу бойынша бақылау шараларын күшейте түспек.

– Біз арзандатылған дизель отынының қажетті көлемін бөліп жатырмыз. Бірақ кейбір операторлар арзандатылған дизель отынын барлық фермерлерге жеткізу бойынша өз міндеттемелерін толық орындамай отыр. Біз қазір мониторингті күшейтіп, барлық фактілерді тексереміз және жосықсыз операторларды жауапқа тартамыз. Болашақта біз олармен жұмыс істемейміз, – деді Үкімет басшысы.

Жанар-жағармай бағасының өсуі инфляцияға әсер ететіні жасырын емес. Үкімет басшысы бұл сұрақтың да жауабын айтты.

– Шынымен де, жанар-жағармай бағасының өсуі инфляцияға белгілі бір деңгейде әсер етеді. Олардың тұтыну қоржынындағы үлесі: дизель отыны – 0,4%, АИ 92 бензині – шамамен 2%. Осыны ескере отырып, биылғы баға өсуінің тікелей әсері инфляцияның 0,35 пайыздық тармағына бағаланады, – деді Премьер-Министр.

Үкімет басшысының айтуынша, оның жанама әсері де болады, себебі жанар-жағармай материалдары отын өндірушілер шығындарының құрылымына кіреді.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен инфляцияны тежеу шаралары қолға алынбақ.

– Наурыз айының қорытындысы бойынша біз инфляция қарқынның айтарлықтай баяулағанын көреміз. Егер ақпан айында жылдық инфляция 21,3% болса, наурыз айының қорытындысы бойынша – 18,1%. Бұл үрдіс одан әрі жалғасады. Біз инфляциялық қысымды төмендетуге бағытталған шаралар кешенін белсенді түрде іске асырамыз, – деді Үкімет басшысы.

Қалай айтқанда да, жанар-жағармай бағасы өсетін болды. Ең бастысы, Жер-Анадан несибесін тауып, ел экономикасының өрлеуіне айтарлықтай үлесі бар диқан қауымы қиналмаса екен дейміз.

Бетгі дайындаған
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА
Суреттер ашық дереккөзден алынды



“Отандық мұнай өңдеу зауыттары өз мүмкіндіктерінің ең жоғары шегінде жұмыс істеуде. Алайда жанармай тапшылығының қаупі азаяр емес. Сыртқа әкету мен тапшылықтың негізгі себебі – Қазақстандағы жанар-жағармай бағасының төмендігі болып отыр. Мысалы, Ресейде дизель отыны 45%-ға, Қырғызстанда 64%-ға, Өзбекстанда 2 есе қымбат. Нәтижесінде арзан отын әртүрлі жолмен көрші елдерге әкелініп жатыр.”

ЭКОНОМИКА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық қор қаржысын ел игілігіне пайдалану туралы айтып, келер жылдан бастап біршама бөлігін балаларға беруді тапсырған еді. «Әрбір отбасы еліміз пайдаланып жатқан ұлттық байлықтың игілігін көруі керек. Сондықтан мен жариялаған балалар жылының аясында «Ұлттық қор – балаларға» атты мүлде жаңа бағдарламаны жүзеге асыру өте маңызды деп санаймын» деген еді Жолдауда.

Президент айтқан жаңалық жұртшылыққа жақсы әсер етті. Тіпті ел ішінде «қор қалай құрылады, қанша ақша түседі?» деген секілді сұрақтар легі азаймады. Президенттің бұл тапсырмасын Қаржы министрлігі орындауда. Министрліктің сайтында бұл жобаның 2024 жылдан бастап жүзеге асатыны туралы жазылған. Сонымен қатар қаражат қалай жиналатынын, жобаның іске асу барысы туралы мағлұмат та бар. Сонымен...



«ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА»: 18 ЖАСҚА ДЕЙІН ҚАНША АҚША ЖИНАЛАДЫ?

18 жасқа толғанға дейін балаға қалай және қанша қаражат жиналады?

Өскекең ұрпақ үшін ұлттық байлықты біркелкі бөлу мүмкіндігі алғаш рет Ұлттық қор құрылғаннан бері (2001 жылдан бастап) берілді.

Қаржы министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, 2024 жылдан бастап «Ұлттық қор – балаларға» жобасын іске қосудың негізгі тәсілдерін әзірледі. Ұлттық қордың инвестициялық табысының жартысы жыл сайын 18 жасқа дейінгі барлық жастағы балалар арасында бөлінеді.

Инвестициялық табыстың ықтимал теріс мәндерін жекелеген уақыт аралықтарында нивелирлеу мақсатында инвестициялық табыс мөлшерлемесін есепте кезеге өткен 18 жылдағы орташа жылдық мән негізінде айқындау жоспарлануда. 18 жасқа дейінгі баланың жинақталуының болжамды сомасы шамамен 3,5 мың АҚШ долларын құрауы мүмкін. Бұл сома капитал нарығының құбылмалылығын ескере отырып, тарихи деректер негізінде есептелген және әлемдік экономиканың конъюнктурасына байланысты түзетілуі мүмкін.

Жобаны іске асыру механизмі қандай?

Жоба келесідей жүзеге асырылады.

1. Шоттар «БЖЗК» АҚ-да (екінші деңгейдегі банктерге жүгінуге талап етілмейді) Әділет министрлігінің жеке тұлғаларының

дерекқоры негізінде автоматты түрде ашылатын болады.

2. Жыл сайын қаңтар айында жобаға қатысқан сәттен бастап 18 жасқа толғанға дейін «БЖЗК» АҚ-дағы балалардың шоттарына шартты түрде қаражат есептелетін болады.

Мысалы, егер бала жоба басталған кезде 5 жасқа болса, оған жыл сайын 13 жыл ішінде, яғни кәмілетке толғанға дейін Ұлттық қордың инвестициялық табысының бір бөлігі есептелетін болады.

3. Жобаға Қазақстан Республикасының азаматтары саналатын балалар қатысады.

4. Егер 18 жасқа дейінгі бала елден кетіп, Қазақстан азаматтығын өзгертсе, онда төлемдерге талап қою құқығы жоғалады. Қаражат барлық балалар арасында қайта бөлінеді. Бала елден 18 жасқа дейін азаматтығы ауыспай кеткен жағдайда төлемдерге талап қою құқығы сақталады.

5. Шот қаражатын салық салудан босату ұсынылады. 18 жасқа толған кезде шоттардан қаражат төлеуді АҚШ долларымен жүзеге асыру ұсынылады.

6. 18 жасқа толған кезде қаражат баланың меншігі болады, ол қаражатты қалай пайдалану керектігін өз бетінше шешуі керек (білім алуға немесе тұрғын үй жағдайын жақсартуға).

Бұл ретте шетелдік оқу орнында оқу ақысын төлеуге қара-

жатты пайдалануды шектемеу жоспарлануда.

Өз кезегінде Тұрғын үй жағдайларын жақсарту немесе тұрғын үй сатып алу үшін қаражатты пайдалануға тек Қазақстан аумағында ғана рұқсат етіледі. Осы қаражатқа сатып алынған тұрғын үйді қайта сату бойынша шектеулер көзделмейді.

7. Қаражатты мақсатты пайдалану үшін «БЖЗК» АҚ өзара іс-қимыл жасайтын уәкілетті операторларды («Отбасы банк» АҚ, екінші деңгейдегі банктер) анықтау ұсынылады.

8. 18 жасқа толғанда шоттағы қаражат 5-10 жыл бойы сақталады. Талап етілмеген жағдайда 5-10 жыл ішінде шоттағы қаражатты зейнетақы шотына аудару ұсынылады.

9. Сондай-ақ азаматтық заңнамаға сәйкес іс жүзінде жинақталған қаражатты мұрагерлік бойынша беру мүмкіндігі көзделеді.

10. Бала әрекетке қабілетсіз болған жағдайда, ата-аналарға (заңды өкілдерге) ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен қаражатты пайдалануға құқық беру жоспарлануда.

Тұтастай алғанда, ұсынылған алгоритм бойынша жобаны іске қосу үшін заңнамаға өзгерістерді қоса алғанда, дайындық жұмыстарын жүргізу қажет болады.

Биыл Қазақстан Республикасының заңнамасына және тиісті нормативтік құқықтық актілерге түзетулер қабылдау жоспарлануда.

Жобаны іске қосу тәсілі туралы тиісті платформаларда (қосымшалар, БЖЗК сайты) өткізіледі.

